# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2024 жылғы 13 маусым №7119-23-00-2/6610 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**

«Ұлттық нейрохирургия орталығы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – АҚ)

**ЖАУАПКЕРЛЕР:**

«Tamir group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі-ЖШС)

«OLZHA» жеке кәсіпкері (бұдан әрі-ЖК)

«LOGIKA» ЖК

«ILYAS» ЖК

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ::**

мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

**<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ::</u>**

«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы:

«Tamir group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жалпы сомасы 987 475 теңгеге тауар (жуу құралы) жеткізуге 2024 жылғы 17 қаңтардағы №36 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасады.

Шарттың талаптарына сәйкес жауапкер 20 күнтізбелік күн ішінде тауарларды жеткізуді және талап қоюшының өтінімдері бойынша жұмыстарды дереу орындауды жүзеге асыруға және олардың аталған шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктердің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге міндеттенді.

2024 жылғы 05 сәуірде жауапкерге 2024 жылғы 25 сәуірге дейін жеткізу мерзімімен қалған 24 дана тауарды жеткізуге арналған өтінім портал арқылы жіберілді.

2024 жылғы 31 қаңтарда жауапкер 29 624 теңге сомасында шарттың орындалуын қамтамасыз етті.

2024 жылғы 09 ақпанда жауапкер жіберілген өтініш көлемінде 39 499 теңгеге тауар жеткізген.

Жауапкер шарт бойынша өз міндетін тек осы бөлігін жартылай ғана орындаған. Осы себептерге байланысты талапкер 2024 жылғы 10 мамырда шартты мерзімінен бұрын бұзған.

«ILYAS» жеке кәсіпкермен жалпы сомасы 240 000 теңгеге тауар (өрттік хабарлағыш) жеткізуге 2024 жылғы 09 ақпандағы №204 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасады.

Шарттың талаптарына сәйкес жауапкер 20 күнтізбелік күн ішінде тауарларды жеткізуді және талап қоюшының өтінімдері бойынша жұмыстарды дереу орындауды жүзеге асыруға және олардың аталған шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктердің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге міндеттенді.

2024 жылғы 02 сәуірде жауапкерге 2024 жылғы 04 сәуірге дейін жеткізу мерзімімен 30 дана тауарды жеткізуге арналған өтінім портал арқылы жіберілді.

2024 жылғы 12 ақпанда жауапкер 7 200 теңге сомасында шарттың орындалуын қамтамасыз етті.

Алайда, осы уақытқа дейін өтініш бойынша жауапкерден тауарлар жеткізілмеген.

«OLZHA» жеке кәсіпкермен жалпы сомасы 310 609.60 теңгеге тауар (аралық реле) жеткізуге 2024 жылғы 27 наурыздағы №351 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасады.

2024 жылғы 27 наурызда жауапкерге 2024 жылғы 16 сәуірге дейін жеткізу мерзімімен - 10 дана тауарды жеткізуге арналған өтінім портал арқылы жіберілді.

2024 жылғы 09 сәуірде жауапкер 2299 теңге сомасында шарттың орындалуын қамтамасыз етті.

Жауапкер өз міндетін белгіленген уақытта орындамады осыған байланысты, талапкер 2024 жылғы 14 мамырда шартты мерзімінен бұрын бұзды.

«LOGIKA» жеке кәсіпкермен жалпы сомасы 628 440. теңгеге тауар (контроллер) жеткізуге 2024 жылғы 28 наурыздағы №352 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасады.

2024 жылғы 28 наурызда жауапкерге 2024 жылғы 17 сәуірге дейін жеткізу мерзімімен 2 дана тауарды жеткізуге арналған өтінім портал арқылы жіберілді.

2024 жылғы 28 наурызда жауапкер 18853 теңге сомасында шарттың орындалуын қамтамасыз етті.

Құжатқа қол қойылған: Нурланов Б. К., 09.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 13.08.2024, судья Нурланов Б. К., 28.08.2024

2024 жылғы 15 сәуірде уақтылы тауардың 1 данасы 314 220 теңгеге жауапкермен жеткізілім жартылай жүзеге асырылды.

Ал тауардың екінші данасы 2024 жылғы 13 мамырда жеткізіліп, ол тауар техникалық сипаттамаға сәйкес келмей, дәлірек айтқанда, жиынтықта тезқысқыш клеммасы жоқ, әрі қорабы зақымданған (майысқан және лас), тауарға қатысты қажетті шарттың 5 тармағында көзделген құжаттар ілеспеген.

Осы орайда тауарды сәйкес тауарға ауыстыруды және жоғарыда аталған құжаттарды жеткізуді қамтамасыз етуге шарттық міндеттелген 3 күнтізбелік күн берілді, бірақ, осы уақыт аралығында жауапкер өз міндетін орындаған жоқ.

ҚР АПК 267-3 бабының 5 тармағына сай, пікірді, дәлелдемелерді және өзге де құжаттарды ұсыну үшін сот белгілеген мерзімдер өткеннен кейін сот тараптарды шақырмастан, істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электрондық форматта қарайды.

Жауапкерлер белгіленген мерзімде жазбаша қарсылықтарын бермеген.

**<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>**

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 5 тармағына сәйкес, осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік Қаулысының 8-тармағына сәйкес /әрі қарай - НҚ/ - мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

НҚ-ның 3 тармағына сай, әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат беру фактісін анықтаған органдар, тапсырыс беруші Заңның 12-бабының 4-тармағында көзделген жағдайда, әлеуетті

Құжатқа қол қойылған: Нурланов Б. К., 09.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 13.08.2024, судья Нурланов Б. К., 28.08.2024

өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен Заңда белгіленген мерзімдерде сотқа жүгінуге міндетті.

Бұл мерзімдер түпкілікті болып табылады, осы мерзімдердің өтуі әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызды қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Істі қарау барысында өнім берушілер шарттар бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындалмағаны анықталды.

Барлық аталған шарттарды тапсырыс беруші біржақты тәртіппен бұзды.

Тапсырыс берушінің жеткізушілермен келісім-шартты бұзу әрекеттері шағымданбады, бұл олардың мұндай әрекеттермен келісетінін көрсетеді.

ҚР АК 401 бабының 2 бөліміне сәйкес, тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

Сатып алу жоспарында көзделген бюджет қаражаты игерілмегені анықталған, тапсырыс беруші шарт жасасу кезінде күткенін алмаған, бұл ол үшін жағымсыз салдарлар болған деген қорытындыға әкеледі.

Жоғарыда айтылғандар, өнім берушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануға мүмкіндік беретін, бір мезгілде екі фактор – өнім берушінің кінәсі және тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарлардың туындауынан көрінетін белгілердің заңда көзделген жиынтығы бар дегенді білдіреді.

Мұндай жағдайларда өнім берушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатусышысы деп тану туралы талабы орынды және қанағаттандыруға жатады.

ҚР АПК 117 бабының 3 тармағына сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

**<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>**

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ жауапкерлер «Tamir group» ЖШС, «OLZHA» ЖК, «ILYAS» ЖК және «LOGIKA» ЖК

Құжатқа қол қойылған: Нурланов Б. К., 09.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 13.08.2024, судья Нурланов Б. К., 28.08.2024
7119-24-3-1/6055

қатысты мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Tamir group» ЖШС БСН 150240012466 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Tamir group» ЖШС БСН 150240012466 мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«OLZHA» ЖК ЖСН 640102405014 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«OLZHA» ЖК ЖСН 640102405014 мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«LOGIKA» ЖК ЖСН 750407400758 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«LOGIKA» ЖК ЖСН 750407400758 мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«ILYAS» ЖК ЖСН 930521300501 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ILYAS» ЖК ЖСН 930521300501 мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін..

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Құжатқа қол қойылған: Нурланов Б. К., 09.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 13.08.2024, судья Нурланов Б. К., 28.08.2024